

Э.Б. Сактаганова^{1*}, Г.С. Конкина², Р.Е. Мамбетов³

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан;

²Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты, Арқалық, Қазақстан;

³Н. Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі, Арқалық, Қазақстан

(E-mail: e-saktaganova@mail.ru; g.s.konkina@mail.ru; rus_85tgk@mail.ru)

Тарихтағы тұлғатану мәселесін зерттеудің әдіснамалық негізі (Сейдәзім Қадырбаевтың мысалында)

Жеке тұлғаны (тұлғатанудың) зерттеудің әдіснамалық мәселелері — бұл тарих ғылымындағы дәстүрлі және іргелі мәселелердің бірі. Қазіргі кезеңдегі жаһандану жағдайында бұл мәселе өзінің маңыздылығын жоғалтқан жоқ, керісінше, ерекше өзекті және күрделі тақырыптардың біріне айналып отыр. Осыған байланысты, мақалада тарихи тұлғаны зерттеудің әдіснамалық негізі анықталған. Авторлар тарихи зерттеу барысында биографиялық әдісті қолдану саласын, бұл әдістің ерекшеліктерін және әдіснамалық негізін қарастырған, тарихи танымдағы биографиялық бағыттың артықшылықтары мен шектеулеріне, биографиялық зерттеулердің негізгі ерекшеліктеріне, оның маңыздылығына тоқталған. Сонымен қатар мақалада қазақ интеллигенциясы өкілдерінің бірі, халық ұстазы және кәсіби заңгер, XX ғ. басындағы ұлттық Алаш қозғалысының көрнекті қайраткері Сейдәзім Қадырбаевтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін зерттеудегі тарихи биографиялық әдістің маңыздылығы көрсетілген.

Кілт сөздер: Сейдәзім Қадырбаев, Алаш Орда қозғалысы, тұлғатану, жеке тұлға, тұлғатанудың әдіснамалық негізі, биографиялық әдіс.

Кіріспе

Қазіргі кезеңде тарихтағы тұлғаның рөліне қатысты мәселелер тарих ғылымының дамуындағы басым тақырыптардың біріне айналды және бұл тарихи биография тарихнамасында «тұлғатану» деген атаумен белгілі болды. Осы тұрғыдан алғанда, тарих ғылымының дамуының қазіргі кезеңінде тарихшылар тарихтағы жеке тұлғаның рөлін, әсіресе тарихи қайраткерлердің өмірі мен шығармашылығын, тарих пен жеке тұлғаның өзара қатынасы мен ықпалы мәселелерін зерттеуге үлкен қызығушылық танытып отыр. Мұндай қызығушылық қазіргі кезеңдегі тарих ғылымындағы айтарлықтай өзгерістердің (зерттеу қызығушылықтарының қайта бағдарлануы) орын алуымен, жаңа субъектілердің және биографиялық тұрғыдан зерттеу тақырыптарының, сонымен бірге жаңа бағыттар мен әдістердің ашылуымен байланысты болды. Сондықтан, қазіргі кезеңде тарих ғылымында тарихшылардың биография және оның мақсаттары мен міндеттері жөніндегі көзқарастары, тарих ғылымы үшін биографиялық зерттеулердің рөлі мен маңызы сияқты әдіснамалық мәселелер кеңінен талқылануда. Осы себептен, жеке тұлға факторы тұрғысынан тарихи үрдістерді тану барысында биографиялық тәсіл өзінің дамуының көп ғасырлық жолынан өтіп, қазіргі уақытта тарихи деректерді зерттеу тәсілдерінің бірі ретінде өз мәртебесіне ие болды.

Әрине, өз заманында да өзекті болып табылған көрнекті тарихи тұлғалардың идеялары, шығармашылығы мен есімі қазіргі кезеңде қоғамдық сананы байытатын фактор ретінде өзінің маңыздылығын жоғалтқан жоқ. Себебі, бұл этникалық және ұлттық бірегейлікті қалыптастыру үрдістерін айтарлықтай ықпал етеді және патриотизмді оятып, халықтың өзін-өзін оң дәрежеде бағалауына ықпал етеді. Сондықтан, өзінің тарихи дамуының жаңа кезеңіне өткен Қазақстан үшін ұлттың көрнекті тарихи тұлғаларының ұлы істерін білу және есте сақтау маңызды. Бірақ, алдымен, осындай тарихи тұлғалардың өмірі мен атқарған қызметін зерттеудің әдіснамалық негізін қарастыру және зерделеу өзекті. Өзінің тәуелсіздігіне ие болған кезеңнен бастап қазақстандық тарихнамада қазақ қоғамында маңызды рөл атқарған тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметі туралы көптеген ғылыми еңбектер жарық көрді. Дегенмен, отандық тарихнамада тұлғатанудың әдіснамалық негізі мәселелерін зерттеуге және өңдеуге көп көңіл бөлінбейді. Осы себептен, қазіргі кезеңдегі Қазақстан тарихындағы тұлғатанудың әдіснамалық негізін зерттеудің маңыздылығы артып отыр.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: e-saktaganova@mail.ru

Зерттеу әдістері

Мақала шеңберінде көтерілген мәселелерді қарастыру барысында тарихилық, объективтілік және жүйелік принциптері басшылыққа алынды. Аталған принциптер өткен құбылыстарды, соның ішінде тұлғатанудың маңызды әдісі болып саналатын биографиялық тәсілдің қалыптасуын, дамуын және өзгеруін тарихи байланыста жан-жақты қарастыруға мүмкіндік берді. «Ескі биографиялық тарих» пен «жаңа биографиялық тарихтың» айырмашылықтары мен ерекшеліктерін анықтау барысында салыстырмалы талдау әдісі қолданылды. Тарихтағы тұлғаны тану барысында маңызды рөл атқаратын биографиялық бағыттың дамуын зерттеу барысында кезеңдеу әдісі пайдаланылды. Осымен бірге, мақаланың теориялық негізін шетелдік ғалымдардың, атап айтқанда Джордж Драйден Плутархтың, Л. Февр және Л.П. Репинаның еңбектері құрайды.

Мәселені талқылау

Биография — бұл зерттеу тәсілінің ерекше бір түрі және екі сөздің қосындысынан — «(bios) («өмір») және «(grapho) («жазамын», «баяндаймын») құралып, өмірбаян дегенді білдіреді. Биографиялық тәсіл — бұл зерттеуші үшін тарихи үрдістердің және әлеуметтік институттардың дамуының құрамдас бөлігі болып табылатын жеке тұлғаны тануға арналған және ғылымда қалыптасқан көзқарастар, принциптер мен әдістер жүйесіне сүйенетін, сонымен бірге нақты тарихи зерттеу объектісі жөнінде жаңа білім алуға мүмкіндік беретін әдіснамалық бағдар.

Тарих ғылымында биографиялық бағыт «тарихи тұлғатану» ретінде тарихи білімнің қалыптасуымен бірге пайда бола бастады. Алғаш рет «биография» түсінігін XVII ғасырда ағылшын ақыны және драматургы Джордж Драйден Плутархтың «Параллельные жизнеописания» еңбегін аудару барысында қолданған. Ал, XVIII–XIX ғасырлардағы биографиялық әңгімелеу жанры «тарихи портреттер» және «ғажайып адамдар өмірі» түрінде танымал тұлғалардың өмірін тарихи тұрғыдан зерттеу барысында кеңінен пайдалана бастады. XX ғасырдың басына дейін биография «жекелеген тұлғалар өмірінің тарихы» ретінде түсіндіріліп келді [1; 49].

Батыс тарихнамасында XIX ғасырдың II жартысында тарих ғылымының философиялық және теориялық негізінің қалыптасуына байланысты тарихи танымдағы биография мәртебесінің мәселелерін өңдеу басталады. Оның тарихы неміс тарихшысы Вильгельм Дильтейдің «Введение в науки о духе» атты еңбегінен бастау алады. В. Дильтей өзінің аталған еңбегінде жалпы тарихнаманың ішіндегі биографияның мәртебесін анықтауға тырысып, биографиялық әдісті гуманитарлық зерттеулердің жоғарғы және негізгі формасы ретінде бағалайды. Осылайша, тарихи зерттеулердегі биографиялық материалдардың маңыздылығы мен рөлін түсінудің арқасында XIX ғасырдың аяғынан бастап жеке ғылыми пән ретінде қалыптасқан жаңа ғылыми бағыт пайда болған [2].

Ресей тарихнамасында XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың I жартысындағы Ресейдегі тарих ғылымының қалыптасуы мен дамуы Ресейдің өткен тарихының әр қырын зерттеуді күшейтті және мұндай зерттеулердің барысында мемлекеттік қайраткерлердің биографиясына басты назар аударылды. Ал, XIX ғ. II жартысында тарихты зерттеудің әдіснамалық құралы ретінде биографиялық тәсілге ерекше көңіл бөлініп, XX ғ. басында бұл тәсіл өткен тарихты танудың алдыңғы қатардағы құралына айналды. Мысалы, 1904 ж. ресейлік деректанушы В.О. Ключевский өзінің «Курсе русской истории» аталатын еңбегінде тарихты зерттеудің бір бағыты ретінде тарихтағы тұлғаны зерттеудің маңыздылығын атап көрсетеді [3].

XX ғасырдың басынан бастап ғылыми зерттеу тәжірибесіндегі биографиялық бағытқа қатысты өзгерістер орын алды. Атап айтқанда, 1920 ж. Францияда француз тарихшылары Люсьен Февр мен Марк Блок негізін қалаған «Жаңа тарихи мектептің» («Анналар» мектебі) қалыптасуы мен дамуы «тарихты тұлғаландыру» мәселесін күн тәртібіне қойды [4]. Л. Февр «История — наука о Человеке; она, разумеется, использует факты, но это факты человеческой жизни. Задача историка: постараться понять людей, бывших свидетелями тех или иных событий фактов, позднее запечатлевшихся в их сознании наряду с прочими идеями, что имеет возможность эти факты истолковать» деп атап көрсетсе, Марк Блок «история — это обширный и разнообразный опыт человечества, встреча людей в веках», а «предметом истории является человек» деп көрсетеді. Осылайша, «тарихты тұлға тұрғысынан қарау» және «жеке тұлға — тарихтың пәні болып табылады» деген ұстаным тарихты зерттеу барысындағы ғылыми библиографиялық әдісті маңызды етті [5; 19]. «Анналар» мектебі өкілдерінің концептуалдық тәсілді одан әрі дамытуының арқасында тарихшылардың жеке тұлғаға және тарихты зерттеудегі жеке тұлғалық факторларға бағытталуын анықтап берді [6; 36].

1920 жылы Ресейде биографиялық бағытты өзіндік жеке бір ғылым ретінде бөліп көрсету басталады. Дегенмен, кеңестік тарих ғылымында формациялық тәсілдің үстемдік етуіне және ғылымның партиялығына байланысты тұлға мен тұлғалық фактордың мәнін зерттеу «революциялық қозғалыс қайраткерлерін» зерттеумен байланысты болды. Биографиялық саладағы теориялық мәселелерді өңдеу екінші орынға қалдырылғанымен, биографиялық бағыттағы тәсілдерді өңдеу жұмысы дерекнамалық және тарихнамалық зерттеу жұмыстарында дамуын жалғастырды [6; 37].

Осымен бірге, көптеген тарихшылар XX ғ. II жартысында американдық және еуропалық тарихнамада тарихи үрдістегі жеке тұлғаны басты орынға қою жөніндегі тақырыптарға деген қызығушылықтың төмендегенін атап көрсетеді. Мұндай қызығушылықтың төмендеуі әртүрлі зерттеу бағыттары мен дүниеге көзқарастың үстемдік етуімен және «Анналар» мектебінің, постструктурализм мен неомарксизм бағыттарының ықпалымен байланысты болды. Осының нәтижесінде кейбір тарихшылар антропоцентризмді ескі деп танып, басқа салаларды зерттеуге бет бұрған.

XX ғасырдың соңғы он жылдығында ресейлік тарихнамада кеңестік идеологиядан әсте ақырын бас тарту және пайдалы теориялар мен әдістерді іздестірудің себептерінен әдіснамалық тоқырау басталды. Уақыттың өтуімен, тарихшылар индивидке және оның тарихтағы атқаратын рөлі мен алатын орнына жаңа әдіснамалық көзқарас тұрғысынан талдау жасауға қызығушылық танытады, сонымен қатар, пәнаралық зерттеу әдістерін қолдана отырып, әртүрлі факторлар мен құрылымдарды назарға ала бастайды. Осылайша постмодернизм алаңында пайда болған «жаңа тарих» тарихтағы адамзат өлшемін өзгертуге және байытуға мүмкіндік берді [7; 9]. Сонымен қатар XX ғасырдың соңына қарай Ресейдегі саяси жағдайдың түбегейлі өзгеруінен соң тарих ғылымының посткеңестік кезеңі жағдайында тұлғаның қызметіне талдау жасауға ерекше мән беретін «жаңа биографиялық тарихтың» белсенді дамуы басталады. Мұндай жаңа тарихи биография тек қана тарихи тұлғаның өмірлік жолын баяндап қоймайды, тарихты жеке тұлға арқылы көрсетеді деп түсіндірілді.

XX ғ. аяғы — XXI ғ. басында орын алған тарихи зерттеулердегі индивидуализациялау тәсілі рөлінің өсуі тарихи биографияның теориялық негізін қайта қарастыруға алып келеді. Посткеңестік кеңістіктегі «жаңа биографиялық тарихтың» қалыптасуын алғаш рет атап көрсеткен орыс ғалымы Л.П. Репина болды. Оның барлық еңбектерінде «жаңа биографиялық тарихтың» қазіргі заманғы тарихнамасының қалыптасқандығы жөнінде атап көрсетілген. Оның пікірінше, биографияның жаңа түрінің ескіден айырмашылығы — «жаңа биографиялық тарихта» жекелеген тарихи тұлғалардың жеке өмірі мен тағдыры, оның ішкі әлемінің қалыптасуы мен дамуын, кеңістіктің әр уақыты мен аралығындағы қызметінің ізін зерттеуді стратегиялық мақсаты етеді [8; 78]. Сондықтан, «жаңа биографиялық тарих» — бұл антропологиялық бағытталған тарих шеңберінде қалыптасқан және пәнаралық биографиялық зерттеудің жаңа типін көрсететін, өткен дәуірде өмір сүрген адамның даралығын және оның өмір сүрген әлеуметтік ортасын қамтитын жеке тұлғаны жан-жақты зерттейтін ғылыми концепция. Бұл концепцияны тәжірибеде жүзінде жүзеге асыру үшін екі мақсатқа қол жеткізу қажет: 1) тарихи тұлғаның даралық ерекшеліктерін максималды түрде толық ашып көрсету; 2) белгілі бір өмірлік жағдайларда іске асырылған тарихи шындықтың микро мен макро деңгейлерін меңгеру және тарихтағы жеке және ұжымдық тәжірибенің өзара байланысының ерекшеліктерін көрсететін тарихи шындық жөнінде жаңа білім алу.

Осымен бірге жаңа биографияның принциптері микротарих әдістерінің негізін қамтиды. Оның негізгі мақсаты — кез келген бір индивидтің даралығын талдауға, оның өмір сүрген және қызмет жасаған әлеуметтік ортасын анықтау. Себебі, макротарих тәсілі белгілі бір жағдайларға байланысты жеке тұлғаның қасиетін және ерекшеліктерін назардан тыс қалдырады. Сондықтан, жеке тұлғаны зерттеу үшін микротарих тәсілі қажет. Макротарих тәсілі қажет емес деп танитын ұсақ-түйекті микротарих әдісі назарға алып, жете талдауға тырысады. Яғни, жеке тұлғаның артикуляциясы кез келген бір себеп және салдардың жиынтығы ретінде емес, керісінше, тұлғаның тарихтағы және оның тәжірибелік әлеуметтік қызметі саласындағы өмірінің арнайы бірізділігі ретінде қарастырылады [9].

Өзімізге белгілі, XX ғ. соңғы он жылдығында әлемдік тарихнаманың әдіснамалық ізденістері — микротарих бағытына ерекше көңіл бөлінді. Дәл осы индивид пен «жаңа биографиялық тарихта» негізгі әдіснамалық мәселеде микро және макро талдау жасаудың өзара қатынасы мен үйлесімділігі мәселесі орын алды. Егер, соңғы уақыттарға дейін тарихи антропология жеке тұлғаны тануды, мақсатты тұжырымдауды және жеке қызығушылықты, жеке рационалды таңдау мен инициативаны назардан тыс қалдырса, соңынан мұра ретінде қалған мәдени салт-дәстүрлер мен көзқарастар ерекше тарихи жағдайлардағы адамдардың жүріс-тұрысын қалай анықтады деген мәселе-сұрақ жеке сана-сезімді, тәжірибе мен қызметті талдауды қажет етті. Тарихшылардың нақты бір жеке тұлғаға деген қызығу-

шылығының заңды түрде артуы және бет бұрысы әдіснамалық сипаттағы салдардың пайда болуына алып келді: қазіргі кезеңдегі микротарих тәсілі контекстінде тарихи-биографиялық зерттеулердің сыртқы формасы жаңа мазмұнға ие болды. Сондықтан, қазіргі уақытта аталған саладағы пайда болған тенденциялар зерттеудің өзіндік ерекше міндеттері мен рәсімдеріне ие жаңа бағыттың — тарихи тұлғатанудың пайда болғандығын дәлелдеп берді. Тарихи тұлғатанудың негізгі зерттеу объектісі — тұлғалық мәтіндер болса, ал зерттеудің пәні ретінде бір өмірдің (тұлғаның) тарихын толық және бірегей түрінде зерттеу. Белгілі бір әдіснамалық эклектизмге (түрлі идеяларды дәйексіз пайдалануға) қарамастан тарихи тұлғатану бағытының жалпы ұстанымы — жекелеген тарихи тұлғалардың жеке өмірін және қайталанбайтын тағдырын реконструкциялау, тұлғаның ішкі әлемінің қалыптасуы мен даму тарихын, сақталып қалған қызметінің іздерін тану зерттеудің негізгі мақсаты ретінде және тұлға өмір сүрген тарихи социумды танудың әдісі ретінде қарастырылады [10].

Сонымен, егер тарихи қалыптасқан ережеге сәйкес, XIX–XX ғғ. биография деп көрнекті жеке тұлғаның, саяси және мемлекеттік қайраткерлердің, ғылым, мәдениет пен өнер өкілдерінің өмірін зерттеу және сипаттау деп түсіндіріліп келді [11]. Бірақ, өткен ғасырдың соңына қарай биографиялық әдісті қолданудың кеңістігі айтарлықтай кеңейе түсті. Атап айтқанда, көрнекті тарихи тұлға деп атауға келмейтін адамдардың өмірін зерттеудің саны өсті және бұл адами жекелік пен тарих пәнін тұлғаландыруға деген көзқарастың өзгеруімен түсіндірілді. Тарихтағы биографиялық элемент жаңа қасиетке ие болды: тарихшылар «сыртқы», «кәсіби» және «карьералық» биографияны естен шығармай, жеке тұлғаның жеке өмірін зерттеуге назар аудара бастады. Жеке сана мен жеке қызметті талдау көптеген микротарихи зерттеулердің құрамдас бөлігіне айналды.

Отандық тарихнамада тұлғатануға қатысты көптеген жаппай деректердің және әртүрлі сипаттағы зерттеу жұмыстарының бар болуына қарамастан тұлғаны тану тиісті деңгейде зерттелген жоқ. Белгілі бір объективтік және субъективтік себептерге байланысты (тоталитарлық жүйенің салдары) тұлғатануды тарихи ойдың дамуының бір бағыты ретінде қарастыру назардан тыс қалды. Отандық тарихтың мәселелерін талдау және тарихтағы көрнекті тұлғалардың өмірі мен қызметін зерттеуге шектеу қойылып, мөлшерлі таңдау әдісі қолданылды. Отандық тарихнамада орын алған мұндай жағдайды Ж.К. Касымбаев былай атап көрсетеді: «Классовый подход к исследованию биографии известных личностей прошлой эпохи по своим последствиям оказался весьма ущербным. В освещении крупных личностей казахской государственности феодальной эпохи и нового времени действовал явственный запрет или же некоторый предел, который никто из исследователей не смел переступить. В противном случае ярлык национализма или других инкриминаций давал судебно-карательным органам широкие полномочия для открытой расправы с такими ослушниками» [12]. Әрине, кеңестік кезеңдегі қазақстандық тарихнамада көрнекті қайраткерлердің атын «тірілту» қасіретті нәтижеге әкеліп, тарихшы-зерттеушіні сот үрдісіне тартумен байланысты болды. Мысал ретінде қазақстандық тарихшы, профессор Е.Б. Бекмахановты айтуымызға болады. Е.Б. Бекмахановтың «ісі» тарихи тұлғатану саласындағы ғылыми зерттеулердің объективті үрдісін ұзақ жылдарға тежеді. Оның тарихты түсіну мен түсіндірудегі ұстанымы — тарихты жеке тұлға арқылы танумен байланысты еді. Ол тарихи үрдісті ұғыну үшін жеке тұлғаның қызметін кең әлеуметтік-экономикалық және саяси шеңберде қарастырады [13].

Қазақстан өзінің тәуелсіздігіне қол жеткізген соң және қазіргі даму кезеңде өзіндік рухани ұлттық құндылықтар жаңғырып, еліміздің өткен тарихына деген көзқарастар мен оны бағалау жаңаша сипатқа ие болды. Объективті емес тұрғысынан бір жақты қарастырылып келген, бұрмаланған тарихымызды зерттеп, оған жаңа сараптамалық баға берген отандық ғалымдар жаңа ғылыми әдістер арқылы тарихта маңызды із қалдырған танымал тарихи тұлғалардың автобиографиясын зерттеуді қолға алды. Осыған байланысты, ұлттық қайраткерлердің халықтың, мемлекеттің дамуына қосқан үлесін, олардың қоғамдық-саяси қызмет пен әлеуметтік үрдістердегі рөлін зерттеуге үлкен назар аударылып келеді. Мұндай қоғамдық қайраткерлердің қатарына XIX ғ. аяғы — XX ғ. басындағы тарихи аренаға шыққан қазақ интеллигенциясының өкілдерін жатқызуға болады. Сондықтан, көрнекті тұлғалардың айбынын зерттеу өзекті ғылыми мәселелердің бірі болып табылады және оның өңдеуі тек қана көпшілікке танымал тұлғалардың есімдерін тираждаумен шектелмеуі тиіс. Бұл есімі ұмытылған және жаңа есімдерді ашуға бағытталуы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда зерттеу объектісі Қазақстан тарихындағы көрнекті тұлғалар болып саналатын тарихтың ғылыми бағыты — тұлғатанудың рөлі ерекше. Сондықтан, кез келген бір тарихи тұлғаны жоғары мәртебеге жатқызу мәселесі туындайды және бұл ғылыми-шартты деңгейдегі көрнекті тұлғалардың маңыздылығын анықтаудың критерийлерін бөліп көрсетумен байланысты. Әрине, бастапқыда бұл критерийлер жалпы және көмескі болып көрінуі

мүмкін. Мұндай кемшіліктер ғылыми бағыт болып табылатын тұлғатанудың шеңберіндегі зерттеулер барысында шешімін табуы мүмкін. Осы себептен, 2019 жылы Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты тарабынан «Ұлы даланың Ұлы есімдері» атты тарихи тұжырымдама бекітілген болатын. Бұл тұжырымдаманың «Көрнекті тұлғалардың есімін анықтаудың критерийлері» деп аталатын бөлімінің маңызы бар. Онда келесі критерийлер көрсетілген:

- 1) тұлғаның мемлекеттік, әскери, саяси және мәдени қызметінің қазақ халқының ұлттық мүддесіне сәйкестігі;
- 2) қазақ халқының тағдырын шешуге тұлғаның қатысу деңгейі;
- 3) ұлтқа қызмет ету барысында адал ниеттілік;
- 4) тұлғаның қазақ ұлттық идеясын қалыптастыруға қосқан үлесі;
- 5) ұлтжанды қасиетінің бар болуы;
- 6) қазақ халқының тарихы мен мәдениетіндегі танымал болуының деңгейі.

Осыған қоса, қазақстандық ғалымдар А.М. Ауанасов пен Е.К. Нурпеисов өздерінің ғылыми мақаласында аталған критерийлердің жіктелуіне негіз болатын келесі бірқатар факторларды бөліп көрсетеді:

Бірінші, географиялық фактор. Көрнекті тұлғаның әлемдік деңгейдегі маңыздылығы. Мысалы, әл-Фараби мен Яссауи есімдері әлемдік қауымдастыққа, ал әйгілі үш бидің есімі Қазақстанда танымал.

Екіншісі, саяси фактор. Тұлғаның Қазақстанның әлеуметтік-саяси дамуына қосқан үлесі анықталады. Мұнда Қазақ мемлекетінің қалыптасуы мен дамуына қосқан пайдасы және ұлт азаттығы үшін күрескен тұлғалардың есімі көрсетілуі қажет.

Үшіншісі, шығармашылық фактор. Ғылым және көркемөнер шығармашылығында, сонымен қоса спортта жеке-дара қабілеттілігімен танымал болған тұлғаларды көрсетеді. Осымен бірге, аталған авторлар көрнекті жеке тұлғаның аталған үш факторға да сәйкес келуі мүмкіндігін атап өткен [14].

Жоғарыда атап көрсетілген көрнекті тұлғалардың есімін анықтаудың критерийлеріне сәйкес келетін, атап айтқанда XX ғ. басында қазақ халқының тағдырын шешуге белсенді араласқан, ұлтқа қызмет ету барысында адалдық танытқан, қазақ ұлттық идеясын қалыптастыруға үлес қосқан және ұлтжанды қасиеттерге ие болған Сейдәзім Қадырбаевтың Қазақстан тарихындағы рөлі ерекше. Ол XX ғ. басында Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде маңызды рөл атқарған танымал саяси және қоғам қайраткері, халық ұстазы, кәсіби заңгер. С. Қадырбаев 1885 ж. бұрынғы Торғай уезі, Наурызым болысы, №1 ауылда туған. Орынбор мұғалімдік мектебінде білім алған. Орыс тілінен басқа — қазақ, татар, башқұрт тілдерін жетік білген. Мамандығы — заңгер. Әділет және сот істері жөніндегі қызметтерде еңбек еткен [15]. Сейдәзім Қадырбаевтың атқарған қызметтеріне келер болсақ, 1905-1911 жылдар аралығында Орынбор округтік сотында аудармашы, 1911-1917 жылдар аралығында Орынбор округтік сотында хатшы, 1917 жылдың наурыз-шілде айларында Орынборда Торғай облыстық Азаматтық атқару комитетінің мүшесі, 1917 жылдың шілде және қараша айларында Торғайда мировой судья, 1917 жылдың қараша айынан 1919 жылға дейін Алаш Орда мүшесі, 1920-1921 жылдары Орал губерниясының халықтық сот кеңесінің мүшесі, 1921-1929 жылдары Орынборда Қазақ АКСР Халық Комиссариатының заң шығару және сот ісін бақылау бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс жасаған. Осы кезеңде С. Қадырбаевтың Ресей империясының Қылмыстық кодексін қазақ тіліне аударуы және қылмыстық заң актілерін өңдеу барысында қазақтардың шаруашылық өмірі мен экономикалық құрылысын ескеру қажеттілігін атап көрсеткендігі оның білгір заңгер ретіндегі рөлін анықтап берді. Әрине, оқу құралдары мен білікті мамандардың тапшылығы орнаған күрделі кезеңде қазақ заңгерлері үшін мұндай басылымның маңызы зор болды [16].

1930 ж. Сейдәзім Қадырбаев Алаш қозғалысына қатысқандығы үшін қамауға алынып, Воронежге жер аударылған. Соңынан, 1937 ж. саяси қуғын-сүргіннің жаңа толқынының орын алуына байланысты, 1938 ж. Сейдәзім Қадырбаев Воронеж облысы сотының тарапынан сотталып, ату жазасына кесілген. Кейін 1966 ж. С. Қадырбаевтың қылмыстық ісі қайта қаралып, қылмыстық құрамның болмауына байланысты Воронеж облыстық соты оны ақтау жөнінде қаулы қабылдайды.

Осылайша, Сейдәзім Қадырбаевтың өмірі XX ғасыр басындағы Қазақстанда орын алған күрделі саяси және қоғамдық жағдаймен тығыз байланысты. 1905-1907 жж. Бірінші орыс революциясы, 1914-1918 жж. Бірінші дүниежүзілік соғыс, 1916 ж. Ұлт-азаттық қозғалыс, капитализмнің дамуы және Ұлы Қазан социалистік революциясы жағдайында С. Қадырбаевтың қызметі тәуелсіздік пен азаттық үшін күресу және Ресей империясының отарлау саясатына қарсылық көрсетіп, қазақ халқын патша езгісінен азат етумен, қазақ халқына білім мен прогрестің және тәуелсіздікке қол жеткізудің жолдарын

көрсетумен байланысты болды. Сондықтан біз жаңа тарихи биография әдісінің негізінде Сейдәзім Қадырбаевтың өмірі мен қызметін зерттей отырып (микротарих) ХХ ғ. басындағы ірі әлеуметтік-тарихи үрдістер (макротарих) туралы да білім қалыптастыра аламыз.

Қорытынды

ХХ ғ. аяғы — ХХІ ғ. басындағы тарихи зерттеулердегі индивидуализация көзқарасы рөлінің өсуі тарихи биографияның теориялық-әдіснамалық негізін қайра қарастыруға итермеледі. Осының арқасында тарихнамада «жаңа биографиялық тарихтың» қалыптасуы орын алды. Биографияның мұндай жаңа типі нақты бір тарихи тұлғаның өмірі тарихын көрсетіп және тұлға өмір сүрген қоғамының ерекшеліктерін ашып көрсетуге бағытталған. Сондықтан, «жаңа биографиялық тарих» концепциясы өткен тарихты зерттеуге мүмкіндік береді және қазіргі кезеңдегі биографиялық зерттеулердің перспективті бағыты болып табылады. Тұлғатану тек қана кез келген бір жеке тұлғаның өмірлік жолын түсінуге емес, сонымен бірге, тұлғаның қызметін, басқа тұлғалармен өзара ықпалдастығын ұғынуға мүмкіндік беріп, тарихи шындықтың мазмұнын қайта жаңғыртуға көмектеседі. Осы себептен, қазіргі кезеңдегі отандық тарихнамада тарихи тұлғатанудың және тұлғаның тарихтағы рөлі мен қызметін зерттеудің әдіснамалық негізін зерттеу және өңдеу қажеттілігі туындап отыр.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Валевский А.Л. Биографика как дисциплина гуманитарного цикла / А.Л. Валевский // Лица. Биографический альманах. — М.—СПб., 1995. — № 6. — С. 49.
- 2 Дильтей В. Введение в науки о духе. Опыт полагания основ для изучения общества и истории: Собр. соч.: [В 6 т.]. Т.1 / В. Дильтей. — М., 2000. — С. 310, 311.
- 3 Ключевский В.О. Курс русской истории / В.О. Ключевский. — М., 1987. — 464 с.
- 4 Гуревич А.Я. Исторический синтез и школа «Анналов» / А.Я. Гуревич. — М.: Индрик, 1993. — 328 с.
- 5 Февр Л. Суд совести истории и историка. Бой за историю / Л. Февр. — М.: Наука, 1991. — 632 с.
- 6 Кодан С.В. Биографический подход в инструментарии историко-юридического исследования: место в познавательных практиках, понятие, междисциплинарные взаимодействия / С.В. Кодан // Историко-правовые проблемы: новый ракурс. — 2018. — №2. — С. 34–50.
- 7 Дунаева Ю.В. Историческая биография: упадок или возрождение? / Ю.В. Дунаева // Историческая биография: современные подходы и методы исследования. Сер. Всеобщая история. — 2011. — С. 8–34.
- 8 Репина Л.П. «Персональная история»: биография как средство исторического познания / Л.П. Репина // Казус. Индивидуальное и уникальное в истории. — 1999. — Т. 2. — С. 76–100.
- 9 «Новая биография» как перспективный метод анализа. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: https://studbooks.net/2421486/istoriya/novaya_biografiya_perspektivnyy_metod_analiz.
- 10 Историческая биография и новая биографическая история. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: https://studme.org/1593110627622/istoriya/istoricheskaya_biografiya_novaya_biograficheskaya_istoriya.
- 11 Caine V. Biography and History / V. Caine. — Basingstoke and New York: Palgrave Macmillan, 2010. — 152 p.
- 12 Касымбаев Ж.К. Государственные деятели казахских ханств (XVIII век) / Ж.К. Касымбаев. — Алматы: Білім, 1999. — 203 с.
- 13 Изучение персоналии в процессе исторического познания. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://articlekz.com/article/5189>.
- 14 Ауанасова А.М. Образы великих людей в общественном сознании / А.М. Ауанасова, Е.К. Нурпеисов. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://auezov.edu.kz/media/attachments/2022/04/12/18-...-237-240.pdf>.
- 15 Алаштың сөнбес жұлдызы — Сейдәзім Қадырбаев [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://massaget.kz/blogs/29813/>.
- 16 К вопросу о преемственности в уголовном праве. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://repository.kazguu.kz/bitstream/handle/123456789/396/9%20%20%20%20%20%20%20%20%20%2043-47.pdf?sequence=1>

Ә.Б. Сактаганова, Г.С. Конкина, Р.Е. Мамбетов

Методологические основы изучения персоналистики в истории (на примере личности Сейдазима Қадырбаева)

Методологические проблемы изучения личности (персоналистики) — одна из традиционных и наиболее фундаментальных проблем в исторической науке. В условиях современной глобальной цивилизации она не только не утрачивает своего значения, но, напротив, приобретает особую актуальность и

остроту. В связи с этим в статье выделены и охарактеризованы методологические подходы изучения исторической личности. Авторы, рассматривая методологическую основу, специфику и сферу применения биографического метода исследования, характеризуют основные особенности биографических исследований, их значение, преимущества и ограничения использования жанра биографии для исторического познания. На основе библиографической концепции подробно изучены биография, общественно-политическая деятельность одного из представителей казахской интеллигенции, народного учителя и профессионального юриста, видного деятеля национального движения Алаш в начале XX века — Сейдазима Кадырбаева.

Ключевые слова: Сейдазим Кадырбаев, движение Алаш Орда, персоналистика, личность, методологические основы персоналистики, биографический метод.

E.B. Saktaganova, G.S. Konkina, R.E. Mambetov

Methodological foundations for the study of personalistics in history (on the example of the personality of Seydazim Kadyrbaev)

The methodological problems of the study of personality (personalistics) are one of the traditional and most fundamental problems in historical science. In the conditions of modern global civilization, it not only does not lose its significance, but, on the contrary, acquires special relevance and urgency. In this regard, the article highlights and characterizes the methodological approaches to the study of personality. The authors consider the methodological basis, specifics and scope of the biographical research method and characterize the main features of biographical research, their significance, advantages and limitations of using the biographical genre for historical knowledge. The article discusses the biography, social and political activities of one of the representatives of the Kazakh intelligentsia, a people's teacher and a professional lawyer, the author of the constitution, a prominent figure in the Alash Orda national movement in the early twentieth century — Kadyrbaev Seidazim.

Keywords: Seidazim Kadyrbaev, Alash Orda movement, personalistics, personality, methodological foundations of personalistics, biographical method.

References

- 1 Valevskii, A.L. (1995). Biografika kak distsiplina gumanitarnogo tsikla [Biography as a discipline of the humanitarian cycle]. *Litsa. Biograficheskii almanakh — Faces. Biographical almanac*, 6 [in Russian].
- 2 Diltei, V. (2000). Vvedenie v nauki o dukhe. Opyt polaganii osnov dlia izucheniia obshchestva i istorii [Introduction to the sciences of the spirit. The experience of laying the foundations for the study of society and history]. *Sobranie sochinenii* [Collected works]. Volumes 1-6. Vol. 1. Moscow [in Russian].
- 3 Kliuchevskii, V.O. (1987). Kurs russkoi istorii [Course of Russian history]. Moscow [in Russian].
- 4 Gurevich, A.Ya. (1993). Istoricheskii sintez i shkola «Annalov» [Historical Synthesis and the Annales School]. Moscow: Indrik [in Russian].
- 5 Fevr, L. (1991). Sud sovesti istorii i istorika. Boi za istoriiu [Court of conscience of history and historian. Fights for history]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 6 Kodan, S.V. (2018). Biograficheskii podkhod v instrumentarii istoriko-yuridicheskogo issledovaniia: mesto v poznavatelnykh praktikakh, poniatie, mezhdistsiplinarnye vzaimodeistviia [Biographical approach in the tools of historical and legal research: place in cognitive practices, concept, interdisciplinary interactions]. *Istoriko-pravovye problemy: novyi rakurs — Historical and legal problems: a new perspective*, 2 [in Russian].
- 7 Dunayeva, Yu.V. (2011). Istoricheskaiia biografiia: upadok ili vozrazhdenie? [Historical biography: decline or rebirth?]. *Istoricheskaiia biografiia: sovremennye podkhody i metody issledovaniia. Seria Vseobshchaia istoriia — Historical biography: modern approaches and research methods. Series General History*, 8–34 [in Russian].
- 8 Repina, L.P. (1999). «Personalnaia istoriia»: biografiia kak sredstvo istoricheskogo poznaniia ["Personal history": biography as a means of historical knowledge]. *Kazus. Individualnoe i unikalnoe v istorii — Case. Individual and unique in history*, 2, 76–100 [in Russian].
- 9 «Novaia biografiia» kak perspektivnyi metod analiza ["New biography" as a promising method of analysis]. Retrieved from https://studbooks.net/2421486/istoriya/novaya_biografiya_perspektivnyy_metod_analiz [in Russian].
- 10 Istoricheskaiia biografiia i novaia biograficheskaiia istoriia [Historical biography and new biographical history]. Retrieved from https://studme.org/1593110627622/istoriya/istoricheskaya_biografiya_novaya_biograficheskaya_istoriya [in Russian].
- 11 Caine, B. (2010). *Biography and History*. Basingstoke and New York: Palgrave Macmillan.
- 12 Kasymbayev, Zh.K. (1999). Gosudarstvennye deiateli kazakhskikh khanstv (XVIII vek) [Statesmen of the Kazakh khanates (XVIII century)]. Almaty: Bilim [in Russian].
- 13 Izuchenie personalii v protsesse istoricheskogo poznaniia [The study of personalities in the process of historical knowledge]. Retrieved from <https://articlekz.com/article/5189> [in Russian].

14 Auanasova, A.M., & Nurpeisov, E.K. Obrazy velikikh liudei v obshchestvennom soznanii [Images of great people in the public mind]. Retrieved from <https://auezov.edu.kz/media/attachments/2022/04/12/18-...-237-240.pdf> [in Russian].

15 Alashtyn sonbes zhuldyzy — Seidazim Kadyrbaev [Eternal star of Alash – Seydazim Kadyrbayev]. Retrieved from <https://massaget.kz/blogs/29813/> [in Russian].

16 К вопросу о преемственности в уголовном праве [On the issue of continuity in criminal law]. Retrieved from <http://repository.kazguu.kz/bitstream/handle/123456789/396/9%20%20%20%20%20%20%20%20%20%2043-47.pdf?sequence=1> [in Russian].

Букеетов университет